

## **"Әуе кемелерін сатып алу" жобасын іске асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 22 мамыр N 612

"Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 27 қарашадағы N 1200 P981200\_ қаулысына сәйкес "Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Эйр Қазақстан" ЖАҚ) қашық магистральды екі әуе кемесін сатып алу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Әуе кемелерін сатып алу" жобасы "Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 27 қарашадағы N 1200 қаулысымен көзделген "Эйр Қазақстан" ЖАҚ-ның әуе паркін жаңарту" жиынтық жобасының шеңберіндегі инвестициялық және Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес сыртқы заем қаражатының есебінен қаржыландырылатын жоба ретінде бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1998 жылғы 16 желтоқсандағы Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктер беру лимитінің шегінде шетелдік несие берушіге жалпы сомасы 36 000 000 (отыз алты миллион) АҚШ долларына заңдарда белгіленген тәртіппен кепілдік міндеттеме берсін;

2) "Эйр Қазақстан" ЖАҚ-мен оның Қазақстан Республикасының алдындағы аталған мемлекеттік кепілдікті беруден туындайтын міндеттемелерді қамтамасыз етуі туралы тиісті келісімдер жасалсын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрі С.М.Бүркітбаевқа және "Эйр Қазақстан" ЖАҚ-ның президенті Е.Ғ.Етекбайға:

сатып алынатын әуе кемелерінің техникалық-экономикалық сипаттамаларының халықаралық стандарттарға сай болуы үшін;

әуе кемелерін сатып алу туралы шарт талаптарының және сатушының сатып алынатын әуе кемелерінің негізгі параметрлері бойынша, оның ішінде қону циклдері мен двигателі жұмысының циклдері бойынша ресурстық лимиттерді кепілді қамтамасыз етуі туралы міндеттемелерінің сатушының мәлімдеген тендерлік ұсыныстарына сай болуы үшін жеке жауапкершілік жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

О қ ы ғ а н д а р :  
Қ о б д а л и е в а Н .

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК